

ТҮПНҰСҚА

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОКМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы СИЛЛАБУС	77/11- 20 бетің 1беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медициналық колледж

СИЛЛАБУС

Пәннің/модульдің атауы: «Фармациядағы қауіпсіздік пен сапа»
Мамандығы: 09160100 – «Фармация»
Біліктілігі: 4S09160101– «Фармацевт»

Курс: 2
Семестр: 3
Қорытынды бақылау: Сынақ
Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы сағат саны КЗ – 48/2
Аудиториялық сабақтар: 48

Шымкент, 2024 ж

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ АҚ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы СИЛЛАБУС	77/11- 20 беттің 2беті

«Фармациядағы қауіпсіздік пен сапа» пәні бойынша силлабус құрастырған оқытушылар:

Кабылбекова Т.Ж.
Иманкулова С.М.

09160100 – «Фармация» мамандығы оқу жұмыс жоспары негізінде құрастырылды.


Кафедра отырысында қаралды және ұсынылды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024ж.

«Фармацевтикалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі  Ботабаева Р.Е.

«Фармацевтикалық пәндер» ПЦК мәжілісінде қарастырылды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024ж.

ПЦК төрайымы  Ботабаева Р.Е.

Әдістемелік кеңестің отырысында қаралды.

Хаттама № 1 «29» 08 2024ж.

Әдістемелік кеңестің төрайымы  Рахманова Г.С.



Оқытушылар туралы мәліметтер

№ п/п	Ф.И.О.	Ғылыми дәрежесі	Қызметі	Оқитын курс	Электрондық мекен-жайы
1.	Ботабаева Рауан Еркебаевна	Доктор PhD	Кафедра меңгерушісі	1. Фармация тарихы;	rauana.ex@mail.ru
2.	Кабылбекова Тамара-Ханум Жайлауовна	-	Оқытушы	2. Фармациядағы қауіпсіздік пен сапа;	-
3	Иманкулова Салтанат Муталиевна	-	Оқытушы	3. Фармациядағы психология негіздері және коммуникативті дағдылар;	imankulova.bekzat@mail.ru
4	Кошанова Нургайша Махкамовна	-	Оқытушы	4. Фармациядағы Ақпараттық технологиялар;	nurgaiwa90@mail.ru
				5. Менеджмент және маркетинг негіздерімен фармацияны ұйымдастыру және экономикасы; Фармацевтикалық және медициналық тауартану.	
5	Кошкинбаева Қымбат Маратқызы	-	Магистр, оқытушы	1. Химия;	gymbat1996@mail.ru
6	Тауасарова Думан Ертугановна	-	Магистр, оқытушы	2. Бейорганикалық химия;	duman.nbb@gmail.com
				3. Органикалық химия;	
7	Қыдыралиева Азиза Досымбекқызы	Доктор PhD	Оқытушы	4. Аналитикалық химия.	aziza_kydyralieva@mail.ru
8	Катчанова Айгерім Болатқызы	-	Оқытушы		Aikosha-02@mail.ru
9	Раматулла Әсел Мұратқызы				aramatulla@list.ru

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11- 20 беттің 4беті
СИЛЛАБУС	

10	Фазылова Дина Қайратқызы	-	Оқытушы	1. Фармакология, фармакотерапия;	dina.fazylova@bk.ru
11	Турсубекова Багила Изтелеуовна	-	Оқытушы	2. Фармакология;	bagila2602@mail.ru
12	Қуандық Әнуар Талапұлы	-	Оқытушы	3. Фармакология, фармакотерапия және медициналық калькуляция.	anuar.kuandyk@bk.ru
13	Тойшиева Ботағоз Тойшиевна	-	Магистр, оқытушы	1. Фармацевтикалық химия.	toishiyeva@mail.ru
14	Тобагабылова Гульзира Нурмантаевна	-	Оқытушы	2. Дәрілік түрлер технологиясы.	g_tobagabylova@mail.ru
15	Өмірәлі Мұрат Әдіханұлы	Фарм.ғ. кандида ты	Оқытушы	1. Ботаника; 2. Фармакогнозия; 3. Фитокосметология.	Murat.Omiraliev@mail.ru
16	Қадишаева Жузимкуль Ақбалаевна	-	Магистр, оқытушы		Zhuzimk@mail.ru
17	Оңғарбек Қосай Ерғалиұлы	-	Оқытушы	1. Фармакология, фармакотерапия;	Farm_kosai@mail.ru

3.1. Кіріспе

Фармациядағы қауіпсіздік пен сапасы фармацевтикалық экономиканың маңызды бөлімі бола отырып, дәрілік заттардың талдау әдістерін таңдау, химиялық құрылысы мен фармакологиялық әсері арасындағы өзара байланысы, физикалық және химиялық қасиеттері, құрылысы, алу жолдарын зерттеу, дәрілік заттарды сертификаттау және стандарттау, дәрілік заттар сапасын мемлекеттік бақылау негізінде қолданбалы ғылым болып табылады.

Бағдарлама дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік заңдар, принциптер мен жағдайларды, дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасы талдау, сертификаттау және метрология сұрақтарын оқытады.

Бағдарлама болашақ мамандардың кәсіптік міндетін орындауда қауіпсіз және эффективті дәрілік заттардың сапасын бақылау, дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауда нормативті құжаттарды жасау және нормативті құжаттар талабына сай талдау әдістерін меңгергенін бақылау үшін білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілеттерін күшейту жолдарын қарастырады.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы		77/11-
СИЛЛАБУС		20 беттің 5беті

3.2. Пәннің саясаты:

№	Студенттерге қойылатын талап	Орындамаған жағдайда айыптау шаралары
1.	Себепсіз сабақ қалдыру рұқсат етілмейді.	Тәжірибелік сабақты себепсіз қалдырған жағдайда бж қойылады.
2	Себеп бойынша қалдырылған сабақтарды өз уақытысында өтеу.	Себепті қалдырылған сабақтар тек деканат рұқсатымен (өтеу қағазы) өтеледі.
3	Дәріс және тәжірибелік сабақтарға уақытылы келу.	Студент 5 минуттан артық кешіксе сабаққа жіберілмейді. Оқу журналына және дәріс журналына бж қойылады.
4	Студенттің сыртқы келбеті талапқа сай болуы (халат, колпак, ауыстыратын аяқ киім және т.б.).	Студенттің сыртқы көрінісі талапқа сай болмаған жағдайда сабаққа немесе дәріске жіберілмейді және тәжірибелік журналда немесе дәріс журналында бж қойылады.
5	Студент оқытушыларға, курстастарына сыйластық пен қарауы қажет.	Студент құрметсіздік танытқан жағдайда, бұндай мінез-құлқы кафедра жиналысында талқыланады, деканатқа және ата-анасына жеткізіледі.
6	Кафедраның мүліктеріне студенттердің қамқорлық жасауы.	Мүліктерді бұзған жағдайда, студент өз күшімен қалпына келтіреді.

3.3. Пәннің мақсаты:

Дәрілік заттардың алынуы, сақталу, қолдану, дайындау сатыларында фармацевтикалық талдауды меңгеруді дағдыға алу, жалпы фармакопоялық әдістерді меңгеру және дәрілік заттарды мемлекеттік жүйеде стандарттау және сертификаттауды GLP және GMP талаптарына сай қалыптастыру.

Тұрғындарға және емдеу алдын алу ұйымдарына сапалы фармацевтикалық көмек көрсету үшін дәрілік заттар айналымындағы субъектілердің фармацевтика, денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру және жетілдіру салаларындағы білімді, практикалық дағдыларды және түсініктерді қалыптастыру.

3.4. Оқытудың міндеттері

Білім алушыларға дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасы талдаудың негізгі принциптерін үйрету;

Білім алушыларға дәрілік заттарды талдауда қазіргі кезеңдегі жалпы фармакопоялық әдістерді қолдануды үйрету;

Білім алушыларға дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін нормативті құжаттардың талабына сай фармацевтикалық талдау;

3.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижесі:

- ОН 1 – Болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, оған тұрақты қызығушылық танытады;
- ОН 2 – Өз құзыреті шегінде фармацевтикалық қызмет саласындағы күрделіліктің базалық санатының практикалық міндеттерін дербес шешеді, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін талдайды, ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалау мен түзетуді жүргізеді.
- ОН 3 – Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады, кәсіби міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті ақпаратты іздеуді және пайдалануды жүзеге асырады, кәсіби қызметте технологиялардың жиі өзгеруі жағдайында бағдарланады. Фармацевтикалық қызмет саласындағы білімді біледі және қолданады. Мақсаттар қояды, бағыныштылардың қызметін ынталандырады, олардың жұмысын ұйымдастырады.



- ОН 4 – Кәсіби және жеке даму міндеттерін дербес анықтайды, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады, саналы түрде біліктілігін арттыруды жоспарлайды.
- ОН 5 – Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін нормативті құжаттардың талабына сай фармацевтикалық талдауды жүргізеді.

3.6.Реквизитке дейінгі: Фармация тарихы.

3.7. Реквизиттен кейінгі: Менеджмент және маркетинг негіздерімен фармацияның экономикасы мен қалыптасуы ; Фармациядағы ақпараттық технологиялар; Тәжірибелік фармацевтикалық қызмет .

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

Фармациядағы қауіпсіздік пен сапа фармацевтикалық нарықта жұмыс істейтін маманның кәсіби білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыратын арнайы фармацевтикалық пәндердің бірі болып табылады.

Фармацевтика саласының білікті маманын қалыптастыру, дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік заңдар ,принциптер мен жағдайларды , дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын талдау,сертификаттау және метрология сұрақтарын оқыту және меңгеру маңызды болып саналады.

3.9. Тақырыптық жоспар:

3.9.1. Аудиториялық сабақтардың тақырыптары

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Қазақста Республикасында дәрілік заттар сапасын регламенттейтін мемлекеттік принциптер мен ережелер. Қазақстан Республикасындағы бақылау –рұқсат беру жүйесі	Дәрілік заттарды сертификаттау және стандарттау аясында нормативті-құқықтық актілер.ҚР ДС стандарттау жүйесі және дәрілік заттарды стандарттау .ҚР дәрілік заттар сапасын мемлекеттік қадағалау. Дәрілік заттардың өмірлік циклі кезеңдеріндегі GxPжүйесі.Бақылау рұқсат беру жүйесінің құрылымы мен функциясы. ҚР ДСМ фармация комитеті,Комитеттің негізгі міндеттері,құрылымы. ҚР ДСМ «Дәрілік заттар,медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаларды сараптаудың Ұлттық орталығы»(ДЗСҰО)Республикалық мемлекеттік мекемесі,негізгі бағыттары,құрылымы. Фармакологиялық және фармакопоялық орталықтар,құрылымы,мақсаты,міндеттері.	3
2	Тиісті фармацевтикалық тәжірибе концепциясы(GxP) және дәрілік заттардың барлық өмірлік цикліндегі сапасын қамтамасыз етудегі ролі. Қазақстан және Евразиялық Одақтағы дәрілік заттар сапасын қамтамасыз ететін нормативті-құқықтық базасы	(GxP)халықаралық стандарттары бойынша дәрілік заттар сапасын қамтамасыз ету жүйесінің кезеңдері:GLP(GooD Laboratory Practice); GCP(GooD Clinical Practice); GDP(GooD distribution Practice);GPP(GooD Pharmaceutical Practice); GMP (GooD Manufacturing Practice). Тиісті фармацевтикалық тәжірибе концепциясы(GxP).	3



3-4	Дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың Евразиялық Экономикалық Одақтың аймағындағы айналым үйлесімі	Экономикалық ынтымақтастықты кеңейту бойынша интеграциялық процесстер. Фармацевтика саласы –ЕАЭС мемлекет мүшелері өндірістік ынтымақтастығы үшін басым бағыт. Евразия экономикалық комиссиясы(ЕЭК), Евразия экономикалық кеңесі. Одақ аясында дәрілік заттардың жалпы нарығына қолжетімділік .Бірыңғай ереже бойынша дәрілік заттарды тіркеу. ЕАЭС мемлекет –мүшелері фармакопейлар үйлесімділігі концепциясы	6
5	Дәрілік заттарға клиникаға дейінгі ,клиникалық сынаулар жүргізу	ҚР клиникаға дейінгі зерттеулер, медико-биологиялық эксперименттер және клиникалық сынаулар жүргізу тәртібі. Терминология .Зерттеу нысаны. Клиникаға дейінгі және медико-биологиялық эксперименттер жүргізу. Модельге қойылатын талаптар. Жануарларға жүргізілетін клиникаға дейінгі және медико-биологиялық эксперименттердің жүргізілуін регламенттейтін НҚ. Клиникалық сынаулар жүргізу .Этикалық принциптер.	3
6	Дәрілік заттарды тіркеу және сараптау	ҚР ДЗ тіркеу және сараптау тәртібін регламенттейтін нормативті база. Терминология. Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және сараптауды жүргізу тәртібі	3
7	Дәрілік заттар сапасына қойылатын талаптар мен бақылау түрлерінің халықаралық үйлесімділігі	Дәрілік заттар сапасына қойылатын талаптар мен бақылау түрлерінің халықаралық үйлесімділігі, ICH құжатының «Q» сериясы. ICH Q8 талаптары аясында дәрілік заттарды фармацевтикалық жасау.	3
8	Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауда нормативті құжаттарды жасау ережелері. Аралық бақылау-№1.	Дәрілік субстанцияға ,дәрілік препаратқа, дәрілік өсімдік шикізатына АНҚ (УАНҚ) құрастыру , жасау және безендіру; АНҚ (УАНҚ) жобаларын сараптау мен бекіту, тіркеу және өзгерістер енгізу тәртібі; АНҚ (УАНҚ) дәрілік заттарға арналған негізгі бөлімдерінің тізімі; сараптауға және бекітуге ұсынылған АНҚ (УАНҚ) жобасын ұсыну тәртібі. Аралық бақылауға арналған билеттер.	3
9	Дәрілік заттардың сақталу мерзімін және қайта бақылау периодын тағайындау.	Тұрақтылық, тұрақтылықты сынау мақсаттары. Ұзақ мерзімді тұрақтылықты сынау , сынау мақсаты. Тұрақтылықты жедел сынау, сынау мақсаты. Тұрақтылықты тиісті сынаулар, шартты сақтау мерзімі. Қайта бақылау датасы. Сақтау жағдайындағы жіберілетін ауытқулар. Қайта бақылау және қолдану периоды. Тұрақтылық спецификациясы (сақталу мерзімі аяқталғанға дейін/ қайта бақылау периоды). Жарамдылық	3



		мерзімі,сақталу мерзімі.	
10	Дәрілік заттардың сапасын бағалау халықаралық мәселе ретінде. Дәрілік заттар фальсифика-циясы.	Дәрілік заттар айналым саласындағы стандарттау. Дәрілік заттар сапасын мемлекеттік бақылау. Дәрілік заттардың фальсификациясы. Дәрілік заттардың қауіпсіздігінің нормативті реттелуі.	3
11	Фармацевтикалық бөлшек сауда жүйесінің жұмысын Ұйымдастыру. Дәріханалық ұйымдардың түрлері.	Дәрілік заттардың бөлшек сауда арқылы босатудың ережесі. GPP ұлттық стандарты. Бөлшек саудамен айналысатын дәріханалар ашудың тәртіптері мен оларды орналастырудың негізгі қағидалары	3
12	Рецептпен босатылатын дәрі-дәрмектерді босатуды регламенттеу.	Дәріханалық ұйымның рецепт бойынша қабылдау және дәрілерді босату жұмысы. Рецепт, рецептуралық бланкілердің түрлері, рецепт жазудың жалпы ережелері. Рецепттің фармацевтикалық сараптамасы.	3
13	Рецептсіз босатылатын дәрілік заттардың босатуды ұйымдастыру және регламенттеу.	Дәрілік препараттарды рецептсіз босатудың ерекшеліктері. Рецептсіз босатылатын ДЗ тиімді қолданудың негізгі бағыттары. Рецептсіз босатылатын ДЗ бөлімінің қызметі. Мерчандайзинг. Мерчандайзингтің құрамды бөліктері. Тауарларды орналастыру факторлары.	3
14	Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті дәрілік заттарды сақтау.	Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті құралдарды жіктеу. От қауіпті және жарылыс қауіпті құралдарды сақтауға арналған үй-жайларға қойылатын талаптар, олардың жабдықтары мен жарақталуы. От қауіпті және жарылыс қауіпті дәрілік заттарды орналастыру мен сақтаудың негізгі қағида-тары. Қауіпсіздік техникасы және От қауіпті және жарылыс қауіпті құралдармен жұмыс істеу ережесі.	3
15	Дәріханалық ұйымдардағы тазалық ережелері. Еңбекті қорғау және қауіпсіз жағдайларды жасау.	Дәріхананың бөлмелері мен жабдықтарына қойылатын тазалық талаптары. Дәріхана персоналына қойылатын тазалық-гигиеналық талаптар. Шаншуға және тазартылған судың алынуына, тасымалдануына, сақталуына қойылатын тазалық талаптары. Жабдықтарды, ғимараттарды пайдалануда қауіпсіздік талаптары.	3
16	Дәрілік заттарды сақтауға қойылатын талаптар. Аралық бақылау-№2.	Дәрілік заттарды сақтауда қойылатын негізгі талаптар. Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, басқа да фармацевтикалық тауарларды сақтау ерекшеліктері. Аралық бақылауға арналған билеттер.	3
Барлығы			48

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	СИЛЛАБУС	
	77/11- 20 беттің 9беті	

3.10.Әдебиеттер.

3.10.1. Негізгі әдебиеттер:

1. Джидабаева , С. Д. Фармациядағы қауіпсіздік және сапа [Мәтін] : оқу құралы / С. Д. Джидабаева . - Караганда : ТОО "Medet Group", 2021. - 102 бет
2. Шертаева, К. Д. Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру : оқулық / К. Д. Шертаева. Г.И. Утегенова.-Жасулан 2021
2. Арыстанова Т.А. Фармацевтическая система качества и надлежащие фармацевтические практики: Учебное пособие. "Sky Systems" 2021
3. Шертаева, К. Д. Основы предпринимательской деятельности [Текст] : учебник / К. Д. Шертаева, О. В. Блинова , Ж. К. Шимилова. - Шымкент : ЮКМА, 2019. - 152 с.
4. Арыстанов, Ж. М. Организация фармацевтической деятельности: учеб. пособие . - Алматы : Эверо, 2015. - 608 с
5. Арыстанов Ж.М. Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру негіздері.-Эверо,2013ж
6. Джидабаева , С. Д. Фармациядағы қауіпсіздік және сапа [Мәтін] : оқу құралы / С. Д. Джидабаева . - Караганда : ТОО "Medet Group", 2021. - 102 бет
9. Шертаева К. Д., Мамытбаева К. Ж. Фармацевтикалық логистика: оқулық/ .-Жасулан 2022

1.10.2. Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық қызметті реттейтін Заңнамалық және нормативтік -құқықтық актілер жинағы [Мәтін] : жинақ / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - ; ОҚФА әдіст. кеңесі Ұсынған. - Алматы : Эверо, 2014. - 228 бет. с.
2. Научно-методическое обоснование инновационных проектов фармацевтических предприятий на региональном уровне [Текст] : методич. рек / С. К. Тулемисов [и др.]. - Алматы : [б. и.], 2015.

1.10.3. Электронды басылымдар

1. Арыстанов Ж.М.Фармацияның басқарылуы және экономикасы : Оқулық. –Алматы: «Эверо» баспасы, 2020 https://www.elib.kz/ru/search/read_book/177/
2. Жакипбеков К.С. Формирование системы оценки привлекательности и эффективности инновационных проектов в фармацевтическом производстве. 2017ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Омарова Р.А. Процессы и аппараты химико-фармацевтического производства. Учебник. 2020 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
4. Арыстанов Ж.М.Фармацевтическая терминология: Учебное пособие / Ж.М.Арыстанов - Алматы: издательство «Эверо», 2020. – 256 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/173/

3.11.Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

3.11.1	Теория	Шолу, мәселелік.
3.11.2	Аралық бақылау	Бақылау билеттері

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы		77/11-
СИЛЛАБУС		20 беттің 10беті

3.12. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балдар (%мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	
Бағалау критерийлері	<p>Өте жақсы «А»: Студент облыста толық жауап береді</p> <p>Жақсы «B+» - «C+»: Студент саладағы білімін көрсетеді</p> <p>Қанағаттанарлық «C» - «D»: студент саласында білімі бар</p> <p>Қанағаттанарлықсыз «F»: студенттің осы салада кейбір түсініктері бар</p>		

Пәннің қорытынды бағасы келесі форматта ресми тізімге енгізілген бақылау түріне байланысты автоматты түрде есептеледі:

• * **Қорытынды баға** = (AB (Аудитория, семинарлар) AB модельдеу AB (уақытша бақылау) SI) = 60% AP (төзімділік рейтингі) x 60%

* Емтихан (жеке): қорытынды тест

* Оларды іске асыру жөніндегі Нұсқаулық:

* Сабақ барысында ұсынылған таратылатын материалдарды оқып, қайталаңыз (дәрістер, семинарлар)

Бағалау критерийлері:

* Қорытынды тест: бұл курстың білімі мен түсінігін тексеруге арналған.

* Тест 50-ден 100-ге дейін сұрақтан өтеді, әр дұрыс жауап 1 баллдан тұрады.

Тапсыру мерзімі

* Тапсырманың болжамды мерзімі: курсты аяқтағаннан кейін екі апта. Кідіріс жағдайында төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75 - 0,9.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы		77/11-
СИЛЛАБУС		20 беттің 11беті

Қосымша 1

3.12.1. Пәнді оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

№ ОН	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, оған тұрақты қызығушылық танытады.	1. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауда нормативті құжаттарды талдау ережелерін білмейді.	1. Дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен сапасын талдауда негізгі принциптерді біледі. 2. Дәрілік заттардың сапасын қалыптастыру мен сақтауды регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттарды біледі және түсінеді.	1. Халықты сапалы, тиімді қауіпсіз дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады. 2. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мақсаттағы сақтау бойынша бақылау дағдыларына ие. 3. Дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік заңдар, принциптер мен жағдайларды, дәрілік	1. Халықты сапалы, тиімді қауіпсіз дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады. 2. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау бойынша бақылау дағдыларына ие. 3. Дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік заңдар, принциптер мен жағдайларды, дәрілік заттардың қауіпсіздігі

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11- 20 беттің 12беті
СИЛЛАБУС	

				заттардың қауіпсіздігі мен сапасын талдау, сертификаттау және метрология сұрақтарына жауап береді.	мен сапасын талдау, сертификаттау және метрология сұрақтарына жауап береді. 4. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауда нормативті құжаттарды жасау және нормативтік құжаттар талабына сай талдау жасайды.
ОН 2	Өз құзыреті шегінде фармацевтикалық қызмет саласындағы күрделіліктің негізгі санатындағы практикалық тапсырмаларды өз бетінше шешеді, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін талдайды, ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және	1. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін талдай алмайды. 2. Дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік заңдарды, принциптер мен жағдайларды білмейді.	1. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін талдайды. 2. Дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік заңдарды, принциптер мен жағдайларды біледі.	1. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін талдайды. 2. Дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік заңдарды, принциптер мен жағдайларды біледі. 3. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін факторларды айқындайды. 4. Қауіпсіздік техникасы мен от	1. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін талдайды. 2. Дәрілік заттардың сапасын реттейтін мемлекеттік заңдар, принциптері мен жағдайларын зерттейді. 3. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін факторларды айқындайды. 4. Қауіпсіздік техникасы мен от қауіпті және жарылыс

OŃTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11- 20 беттің 13беті
СИЛЛАБУС	

	түзетуді жүзеге асырады.			қауіпті және жарылыс қауіпті заттармен жұмыс істеу ережесін меңгереді.	қауіпті заттармен жұмыс істеу ережесін меңгереді. 5. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылайды.
ОН 3	<p>Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады, кәсіби міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты іздейді, кәсіби қызметте технологиялардың жиі өзгеруі жағдайында бағдарлап отырады. Фармацевтикалық қызмет саласындағы білімін біледі және қолданады. Мақсат қояды, бағыныштылардың</p>	<p>1. Халықаралық деректер қорынан, нормативтік-техникалық құжаттамадан, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен, дәлелді медицина деректер қорынан ақпаратты іздемейді. 2. Техника қауіпсіздік ережелерін сақтамайды. 3. Нормативті құжаттарды рәсімдеуді білмейді.</p>	<p>1. Халықаралық деректер қорынан, нормативтік-техникалық құжаттамадан, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен, дәлелді медицина деректер қорынан ақпаратты іздейді. 2. Қауіпсіздік зерттеу әдістерін сипаттайды. 3. Нормативті құжаттарды рәсімдейді.</p>	<p>1. Халықаралық деректер базасында, нормативтік-техникалық құжаттамада, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, дәлелді медицина деректер базасында ақпаратты іздейді және түсіндіреді. 2. Фармацевтикалық ғылымдар саласында алған білімдерін жүйелеп, практикалық іс-әрекетке бейімдейді; пәндердің</p>	<p>1. Халықаралық деректер базасында, нормативтік-техникалық құжаттамада, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, дәлелді медицина деректер базасында ақпаратты іздейді және түсіндіреді. 2. Фармацевтикалық ғылымдар саласында алған білімдерін жүйелеп, практикалық іс-әрекетке бейімдейді; пәндердің қиылысында салааралық байланысқа</p>

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11- 20 беттің 14беті
СИЛЛАБУС	

	<p>қызметін ынталандырады, олардың жұмысын ұйымдастырады.</p>			<p>қиылысында салааралық байланысқа ие: дәрілік технологиялар, фармацевтикалық химия, фармакогнозия; кәсіби қызмет саласында АТ – технология негізіндегі ақпаратты қолданады. 3. Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланады, кәсіби міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті ақпаратты іздестіруді және пайдалануды жүзеге асырады, кәсіби қызметте технологиялардың жиі ауысуы жағдайында бағдарланады.</p>	<p>ие: дәрілік технологиялар, фармацевтикалық химия, фармакогнозия; кәсіби қызмет саласында АТ – технология негізіндегі ақпаратты қолданады. 3. Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланады, кәсіби міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті ақпаратты іздестіруді және пайдалануды жүзеге асырады, кәсіби қызметте технологиялардың жиі ауысуы жағдайында бағдарланады. 4. Кәсіби қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға қабілетті.</p>
--	---	--	--	---	--

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы		77/11-
СИЛЛАБУС		20 беттің 15беті

ОН 4	<p>Кәсіби және тұлғалық даму міндеттерін өз бетінше анықтайды, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады, біліктілігін арттыруды саналы түрде жоспарлайды.</p>	<p>1. Дәрілік заттарды сақтауға қойылатын негізгі талаптарды орындамайды және сақталу мерзімін қадағалай алмайды.</p>	<p>1. Дәрілік заттарды сақтауға қойылатын негізгі талаптарды орындайды және сақталу мерзімін қадағалайды. 2. Дәрілік заттардың фальсификациясын айқындайды.</p>	<p>1. Дәрілік заттарды талдауда қазіргі кезеңдегі жалпы фармакопеялық әдістерді қолдана отырып, өз пікірлерін айтады және қорытынды жасай алады. 2. Дәрілік заттарды сақтауға қойылатын негізгі талаптарды орындайды және сақталу мерзімін қадағалайды. 3. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін нормативті құжаттардың талабына сай фармацевтикалық талдауды көрсетеді.</p>	<p>1. Дәрілік заттарды талдауда қазіргі кезеңдегі жалпы фармакопеялық әдістерді қолдана отырып, өз пікірлерін айтады және қорытынды жасай алады. 2. Дәрілік заттарды сақтауға қойылатын негізгі талаптарды орындайды және сақталу мерзімін қадағалайды. 3. Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін нормативті құжаттардың талабына сай фармацевтикалық талдауды көрсетеді.. 4. Кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби және тұлғалық даму үшін қажетті ақпаратты пайдалануды біледі.</p>
ОН 5	<p>Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін</p>	<p>1. Дәрілік заттарды тіркеу және сараптау мәселелері бойынша</p>	<p>1. Құжаттарды жүйелейді және талдайды,</p>	<p>1. Құжаттарды жүйелейді және талдайды,</p>	<p>1. Құжаттарды жүйелейді және талдайды,</p>

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-20 беттің 16беті
СИЛЛАБУС	

	<p>нормативті құжаттардың талабына сай фармацевтикалық талдауды ұйымдастырады.</p>	<p>талаптарға сәйкес қорытынды жасауға қабілетсіз. 2.Нормативті құжаттарды рәсімдей алмайды.</p>	<p>медициналық персоналға және азаматтарға неғұрлым тиімді және қауіпсіз дәрілік заттарды және дәріхана ассортиментіндегі тауарларды, оларды сақтау, пайдалану тәсілдерін, сатып алу тәртібін қолдану мәселелері бойынша ғылыми-консультациялық қызметтер көрсету үшін қорытынды жасайды. 2. Фармацевтикалық ұйымның қызметін фактілер, құбылыстар, теориялар және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктер негізінде сақтаудың негізгі принциптерін сақтай отырып ұйымдастырады.</p>	<p>медициналық персоналға және Азаматтарға неғұрлым тиімді және қауіпсіз дәрілік заттарды және дәріхана ассортиментіндегі тауарларды, оларды сақтау, пайдалану тәсілдерін, сатып алу тәртібін қолдану мәселелері бойынша ғылыми-консультациялық қызметтер көрсету үшін қорытынды жасайды. 2. Фармацевтикалық ұйымның қызметін фактілер, құбылыстар, теориялар және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктер негізінде сақтаудың негізгі принциптерін сақтай отырып</p>	<p>медициналық персоналға және Азаматтарға неғұрлым тиімді және қауіпсіз дәрілік заттарды және дәріхана ассортиментіндегі тауарларды, оларды сақтау, пайдалану тәсілдерін, сатып алу тәртібін қолдану мәселелері бойынша ғылыми-консультациялық қызметтер көрсету үшін қорытынды жасайды. 2. Фармацевтикалық ұйымның қызметін фактілер, құбылыстар, теориялар және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктер негізінде сақтаудың негізгі принциптерін сақтай отырып 3 Дәрілік заттар мен</p>
--	--	--	---	--	---

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11- 20 беттің 17беті
СИЛЛАБУС	

			<p>3. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау бойынша бақылау дағдыларына ие болады.</p>	<p>ұйымдастырады. 3 Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау бойынша бақылау дағдыларына ие болады. 4. Халықты сапалы, тиімді қауіпсіз дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады.</p>	<p>медициналық бұйымдарды сақтау бойынша бақылау дағдыларына ие болады. 4. Халықты сапалы, тиімді қауіпсіз дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады. 5. Халыққа және мамандарға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді.</p>
--	--	--	---	---	---

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы

СИЛЛАБУС

77/11-

20 бетгің 18беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы

СИЛЛАБУС

77/11-

20 бетгің 19беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы

СИЛЛАБУС

77/11-

20 бетгің 20беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы

СИЛЛАБУС

77/11-

20 бетгің 21беті